

Д.Н. КЕЛЕСБАЕВ,¹

PhD, доцент.

С.С. ЫДЫРЫС,¹

э.ғ.д., профессор.

Х.Б. КОЖАБАЕВ,¹

докторант.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті¹

ҚҰНСЫЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ АЗАЙТУДА КАЙЗЕН ШЫҒЫНДАРДЫ ЕСЕПТЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Андатпа

Қазіргі кездегі экономикалық және технологиялық салада болып жатқан өзгерістер мен ілгерілеулер бәсекелестікті одан әрі күшейтуде. Осылай өсіп келе жатқан бәсекелестік орта жағдайында кәсіпорындардың назары құндылық құрмайтын, яғни құнсыз іс-әрекеттерге және олардың шығындарына назар аударуда. Себебі, кәсіпорындарда құндылық құрмайтын іс-әрекеттер шығындардың өсуіне және пайданың азаюына әкеп соғуда. Құндылық құрмайтын іс-әрекеттерді кәсіпорынның барлық іс-әрекеттер процесінде көруге болады. Ол үшін кәсіпорынның қандайда бір іс-әрекетінің нәтижесінде құндылық құралмаса сол іс-әрекетке баса назар аудару керек. Кәсіпорындағы құндылық құрмайтын іс-әрекеттерді атайтын болсақ: қажетсіз материалдар мен орамдар, нашар сапа, өндірістік жоғалтулар, артық қор, керексіз тасымалдау, қосымша бақылау, өнімді емес жұмыс уақыттары және т.б. Сондықтан бұл зерттеу жұмысында, өндірістік процестегі құнсыз іс-әрекеттерді жою немесе азайтуға кайзен шығындарды есептеу жүйесінің әсері, құры шәй өндіретін кәсіпорында жартылай құрылымдалған сұхбаттасу әдісімен зерделенген. Зерттеу жұмысы барысында тек өндірістік процестегі жоғалтуларға ғана назар аударылған және өндірістік жоғалтулардан басқа құндылықты құрмайтын, яғни құнсыз іс-әрекеттер ескерілмеген. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша кайзен шығындарды есептеу жүйесінің құнсыз іс-әрекеттердің бірі болып табылатын өндірістік жоғалтуларды (ақаулы өндіріс, бұзылған өндіріс, артықтар және қалдықтар) азайтуға оң әсерін тигізеді деп айтуға болады.

Тірек сөздер: бәсекелестік, құнсыз іс-әрекеттер, өндірістік жоғалтулар, кайзен шығындарды есептеу, шығындарды азайту, қалдықтарды азайту, ақау өндірісі.

Бүгінгі таңда, экономикалық және технологиялық салада болып жатқан өзгерістер мен ілгерілеулер бәсекелестікті одан әрі күшейтуде. Осылай өсіп келе жатқан бәсекелестік орта жағдайында кәсіпорындардың назары құндылық құрмайтын, яғни құнсыз іс-әрекеттерге және олардың шығындарына назар аударуда. Себебі, кәсіпорындарда құндылық құрмайтын іс-әрекеттер шығындардың өсуіне және пайданың азаюына әкеп соғуда. Құндылық құрмайтын іс-әрекеттер өндіріс деңгейінде кәсіпорын және тапсырыс беруші үшін де қажет емес және қосымша шығындарға себеп болады [1]. Сонымен қатар, құндылық құрмайтын іс-әрекеттер жаһандық бәсекелестік ортада, шығындарды ұлғайтатындығы салдарынан кәсіпорынды шығындар бойынша көшбасшылықтан алыстатады. Сондықтан, шығындардың ұлғаюына себеп болатын мұндай іс-әрекеттерді, өнімнің сапасы мен оның нарықтық құнына әсер етпестен азайту немесе жою керек. Сондай-ақ, нәтиже мен жетістікке жету үшін құндылық құрмайтын, яғни құнсыз іс-әрекеттерге баса назар аудару керек.

Осы тұрғыда жасалған бұл зерттеу жұмысында, жоғары сапалы құры шәй өндіру үшін құндылық құрмайтын іс-әрекет болып табылатын өндірістік жоғалтуларды азайтуға кайзен шығындарды есептеу жүйесінің әсерін зерттеу көзделген. Сондықтан, бұл зерттеу жұмысында құндылық құрмайтын іс-әрекет ретінде тек өндірістік жоғалтулар ғана назарға алынған.

Құндылық құрмайтын, яғни құнсыз іс-әрекеттерді кәсіпорынның барлық іс-әрекеттер процесінде көруге болады. Ол үшін кәсіпорынның қандайда бір іс-әрекетінің нәтижесінде құндылық жасалмаса немесе құндылық құралмаса сол іс-әрекетке баса назар аудару керек. Егер құндылық құрмайтын іс-әрекет кәсіпорынға қажетсіз болса немесе кәсіпорынның мақсатына қызмет жасамаса ол іс-әрекет толығымен жойылу керек [2]. Кәсіпорындағы құндылық құрмайтын іс-әрекеттерді атайтын болсақ [3]: қажетсіз материалдар мен орамдар, нашар сапа, өндірістік жоғалтулар, артық қор, керексіз тасымалдау, қосымша бақылау, өнімді емес жұмыс уақыттары және т.б.

Өндірістік жоғалтулар деп, өндіріске сай емес машиналар мен жабдықтарды, энергия мен материалдарды, қабілетсіз жұмысшылар мен басқарудағы қателіктер салдарынан пайда болған болымсыз әрекеттерді айтамыз [4]. Осындай өндірістік жоғалтулар, кәсіпорында сапасыздықтың, шығындардың, наразылықтардың артуына және пайдалылық пен өнімділіктің төмендеуіне себеп болып, құндылықтардың жасалуы мен бәсекелестік күшке кері әсер етеді. Мұндай кері әсерден құтылу үшін, құндылық құрмайтын іс-әрекеттерді және олар тудыратын шығындарды мұқият басқару керек.

Құндылық құрмайтын іс-әрекеттердің шығындарын басқару үшін алдымен, кәсіпорындағы құнсыз іс-әрекеттердің болымсыз кері әсерінен арылу керек. Оған кәсіпорынның ресурстарын тиімді және ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін шығындарды тиісті басқару арқылы ғана қол жеткізуге болады. Бұл жерде шығындарды басқарудың мақсаты, өнімнің өзіндік құнын дұрыс анықтау, өнімді өмір сүру мерзіміндегі жетістігімен бағалау, табыстылықты бағалау, процестерді дұрыс түсіну және бағалау, шығындарды бақылау және ұйымның стратегиясын жүзеге асыруға көмектесу болуы керек [5]. Осы мақсатта қолданылатын әдістің бірі кайзен шығындарды есептеу жүйесі болып табылады. Себебі, кайзен шығындарды есептеу жүйесі құндылық құрмайтын, яғни құнсыз іс-әрекеттерді азайтуды, жоюды және сол арқылы үздіксіз жақсартуды міндеттейді. Сондықтан жақсы бағыттағы үздіксіз дамуды білдіретін «Кайзен» терминін – ештеңе толық кемелденген емес, әрдайым жақсырағына жетуге болады деген тұжырыммен түсіндіруге болады.

Ал, кайзен шығындарды есептеу жүйесі болса, өнімнің өмірлік циклінің өндірістік сатысында шығындарды азайту үшін қолданылатын және кезеңділік рентабельділік көрсеткіштеріне сүйенетін шығындарды басқару әдісі болып табылады [6]. Басқа бір анықтамаға сәйкес, кайзен шығындарды есептеу жүйесі – бұл өнімді өндірудің барлық кезеңінде барлық қызметкерлердің толық қатысуымен шығындарды үнемі азайтуға бағытталған шығындарды басқару әдістерінің бірі [7].

Іскерлік кәсіпорындардағы үздіксіз жақсартуды қолданудың ең көп тараған саласы өндіріс шығындарымен байланысты, яғни өндіріс шығындарын азайту үшін үздіксіз жақсартулар тұрақты түрде үздіксіз жүргізіледі. Сондықтан, кайзен шығындарды есептеу әдісінің негізгі мақсаты үздіксіз жақсартуға бағытталып шығындарды азайтуды жүзеге асыру болып табылады. Өндіріс процесінде туындайтын шығындарды азайтуда маңызды рөл атқаратын кайзен шығындарды есептеу әдісі, нәтижелерді жақсарту үшін процестерді жетілдіру керектігіне баса назар аударады. Өйткені, егер процеске қолайлы жағдай жасалмаса, күтілетін нәтижеге жету мүмкін емес [8]. Бұл жерде процеске қатысты шешім қабылдауда тәртіп, уақытты тиімді пайдалану, дағдыларды дамыту, ортақ пайдалану және белсенді қатысу, мораль және қарым-қатынас сияқты критерийлерге назар аудару керек. Себебі, кайзен шығындарды есептеу әдісі, ол әрбір өнімге қатысты шығынды азайту іс-әрекеттерін және шығындардың әрбір түріне қатысты үнемдеу іс-әрекеттерін қамтитын үздіксіз жақсартуға негізделген тәсіл болып табылады [9]. Бұл жерде қарап отырсақ, үнемдеу ұғымы да алдыңғы қатарға шығып отыр. Тұрақты және айнымалы шығындарды талдаудың түпкілікті нәтижесін осы ұғыммен түсіндіруге болады.

Кайзен шығындарды есептеу әдісі жапондық фирмалар тарапынан кеңінен қолданылып келеді. Жапон фирмалары американдық фирмаларға қарағанда стандарт шығындарды есептеулерді аз пайдаланады. Жапондық фирмалар технологияға негізделген басқару мен инженерлік зерттеулердің нәтижесінде пайда болған стандарт шығындарды есептеуге қарағанда нарыққа негізделген және үздіксіз жақсарту мүмкіндігін беретін кайзен шығындарды есептеу әдісін кеңінен қолданады [10]. Кайзен шығындарды есептеу әдісінде негіз ретінде адам факторы процестің нақ ортасында орналасады. Стандарт шығындарды есептеу мейлінше механикалық, нақты істердің толық жиынтығын ұсынса, кайзен шығындарды есептеу мейлінше динамикалық құрылымдарға мән береді. Уақыт тұрғысынан да шығындарға деген көзқарастары мен ұстанымдары әртүрлі болып келеді. Кайзен ұзақ мерзімді процесті жобалайтын болса, стандарт есептеулер ағымдағы шығындарды алдыңғы қатарға қояды. Кайзеннің бұл процесте мейлінше егжей-тегжейлі және кішкене тілімдерге негізделген жобалар жасау қағидасын басшылыққа алуы да басқа бір айырмашылық болып табылады.

Осы жерге дейін айтылған тұжырымдарды қорыта келе, кайзен шығындарды есептеу жүйесінің қол жеткізуді көздейтін нәтижелері: үздіксіз жақсарту жұмыстары арқылы барлық

өндеу уақытын қысқарту, құндылық қоспайтын немесе өндірмейтін іс-әрекеттерді болдырмау немесе жою, қатесіз өндірісті жүзеге асыру, өндірістік шығындарды азайту, өндірістік процестерді жеңілдету, іс жүзіндегі шығындар мен көзделген мақсатты шығындар арасындағы айырманы жою және көзделген мақсатты пайда мен бюджеттелген немесе қол жеткізілген пайда арасындағы айырмашылықты азайту болып табылады.

Бұл апробацияның негізгі мақсаты құры шәй өндіретін кәсіпорындағы құнсыз іс-әрекет болып табылатын өндірістік жоғалтуларды азайтуға немесе жоюға кайзен шығындарды есептеу жүйесінің әсерін анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін, тек өндіріс процесіндегі жоғалтуларға ғана назар аударылған және өндірістік жоғалтулардан басқа құндылықты құрмайтын, яғни құнсыз іс-әрекеттер ескерілмеген. Сондай-ақ, өндірістік жоғалтулардың өндірістік шығындарға қаншалықты әсері бар-жоғын анықтаумен қатар кайзен шығындарды есептеу жүйесінің өндірістік шығындарға әсерін зерделеу және осы арқылы шығындардан үнемдеу көзделген.

Зерттеу жұмысының ауқымы Түркияның шәй секторындағы коммерциялық бір кәсіпорынмен шектеулі. Бұл зерттеуге шәй секторының алынуына Түркия үшін өте маңызды сала болғандығы әсер еткен болса, коммерциялық бір кәсіпорынның алынуына ол кәсіпорын басшылығының өзгерістер мен жаңашылдыққа ашық әрі қолдау білдіруі себеп болды. Сонымен қатар, апробация жүргізу үшін таңдалған бұл кәсіпорынның 18 сулы шәй қабылдау орны бар және 3 ауысыммен 93 қызметкер жұмыс істейтін бұл кәсіпорынның күндік шәй өндеу сыйымдылығы 140 тонна.

Бұл зерттеу жұмысы барысында, осы тақырып туралы терең әрі жан-жақты ақпарат алу үшін, толық мәлімет жинау әдісі болып табылатын сапалы зерттеу әдістерінің бірі тереңінен сұхбаттасу әдістемесі таңдалған. Ол үшін кәсіпорынның басшылары мен жұмысшыларына жартылай құрылымдалған сұхбаттасу әдісі жүргізілген. Кәсіпорынның басшылары ретінде, фабрика басшысы, сулы шәй қабылдау бөлімінің басшысы, іс-жүргізуші, кадр бөлімінің басшысы, бас бухгалтер, құры шәй өндірісіне жауапты 6 басшымен сұхбаттасылды. Ал кәсіпорынның жұмысшылары ретінде, сулы шәйді қабылдаушы, сарапшы, солдырушы, ораушы, тотықтырушы, құрғатушы, сыныптастырушы, пакеттеуші, лаборант және техник-механик сияқты 9 жұмысшымен сұхбат жүргізілді. Тереңдетілген сұхбат жүргізу 2019 жылдың мамыр айында болды. Осы жерде фабрика басшысымен 60 минут, қалған басшылармен орташа 45 минуттан және жұмысшылардың әрқайсымен 30 минуттан сұхбат жүргізілді. Тереңдетілген сұхбаттасу әдістемесінде қолданылған сұрақтардың формасы төмендегідей болды.

1. Үздіксіз жақсарту бағытталған кайзен шығындарды есептеу жүйесі туралы қаншалықты ақпаратқа иесіз?
2. Өндіріс процесіндегі құндылық құрайтын (құнды) және құндылық құрамайтын (құнсыз) іс-әрекеттердің ең маңызды қайсысы?
3. Кәсіпорындағы машиналар мен жабдықтардың өнімділігі қаншалықты маңызды?
4. Кәсіпорындағы өндірістің тиімділігі (өнімділігі) қаншалықты маңызды?
5. Кәсіпорын өзгерістер пен жаңашылдыққа қаншалықты ашық?
6. Өзіңізді қаншалықты осы кәсіпорынның бір бөлшегі ретінде көресіз?
7. Өндіріс процесін жақсарту үшін ішкі өндірістік оқыту (біліктілікті арттыру) қаншалықты қажет?
8. Бұл кәсіпорында шығындардан үнемдеуге бола ма? Егер болатын болса, қайсы өндірістік шығыннан қаншалықты үнемдеуге болады?

Осы сұхбаттасу барысында, жоғарыда аталған сұрақтарға жауап іздестірілді және кайзен шығындарды есептеу жүйесінің құндылық құрмайтын іс-әрекеттерді азайтуға әсері туралы жаңа ақпараттар алынып, өндіріс процесіндегі негізгі сатыларға көзбе-көз бақылау жасалды. Сонымен қатар, кәсіпорынның жылдық есептерінен, ішкі құжаттамаларынан, секторға қатысты баяндамаларынан және т.б. с.с. құжаттардан мәліметтер алынды (қараңыз: кесте 1 (б. 260) және кесте 2 (б. 260)).

Кесте 1-ден көріп отырғанымыздай, кәсіпорындағы өндірістік жоғалтулар ақаулы өндіріс, бұзылған өндіріс, артық және қалдықтан тұрады. Артықтар көлемі құры шәй өндірісінің 10%-ын құраса, қалдықтар болса сатып алынған сулы шәй көлемінің 3%-ын құраған. Жиынтық өндіріс болса, ақаулы өндіріс пен ақаусыз таза өндірістің қосындысынан құралған. Өнімділік болса, жиынтық өндіріс көлемін сатып алынған сулы шәй көлеміне бөлу арқылы есептелген.

Кесте 1 – Кәсіпорынның өндірістік жоғалтулары мен өнімділігі

Өндірістік жоғалтулар (килограмм)	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Ақаулы өндіріс	21 974	23 403	16 064	25 154	20 944
Бұзылған өндіріс	–	–	–	–	–
Артық	112 065	128 845	108 700	122 296	112 325
Қалдық	166 201	170 349	163 172	198 294	183 336
Ақаусыз таза өндіріс	1 098 683	1 265 047	1 070 936	1 197 805	1 102 306
Жиынтық өндіріс	1 120 657	1 288 450	1 087 000	1 222 960	1 123 250
Алынған сулы шәй көлемі	5 540 034	6 194 501	5 439 058	6 396 582	5 729 256
Өнімділік	20,23 %	20,80 %	19,99 %	19,20 %	19,61 %

Кесте 2 – Кәсіпорынның өндірістік шығындары

Өндірістік шығындар (түрік лирасы)	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Материалдық шығындар	6 859 875	8 742 890	8 632 142	10 142 105	11 651 526
Жұмысшылар шығыны	425 804	439 310	709 418	675 545	792 800
Жалпы өндіріс шығыны	740 603	761 678	816 832	1 281 749	1 653 394
Жиынтық өндірістік шығындар	8 026 282	9 943 878	10 157 392	12 100 399	14 097 780
Жиынтық өндіріс (кг)*	1 120 657	1 288 450	1 087 000	1 222 960	1 123 250
Бірлік құны (түрік лирасы / килограмм)	7,16	7,72	9,34	9,89	12,55

Кәсіпорынның басшыларымен және жұмысшыларымен жүргізілген жартылай құрылымдалған сұхбаттасу барысында қойылған сұрақтарға берілген жауаптардың нәтижелері төмендегідей болды:

1. Кайзен шығындарды есептеу жүйесі туралы басшылардың барлығы дерлік толық ақпаратқа ие болса, жұмысшылардың 67%-ы жеткілікті ақпаратқа ие, ал қалған 33%-ы жалпылама біледі.

2. Сұхбаттасуға қатысқан барлық басшылар мен жұмысшылар өздері жасап жатқан жұмыстарын құндылық құраушы іс-әрекеттер деп бағалаған. Сондай-ақ, жалпы құндылық құраушы (құнды) ең маңызды іс-әрекеттер ретінде: сулы шәй жапырағын сатып алуды 60%-ы; солдыруды 20%-ы; орауды 13%-ы және құрғатуды 7%-ы атаған болса, құндылық құрамайтын (құнсыз) іс-әрекеттерге ретінде: артықтарды 67%-ы; қалдықтарды 20%-ы және ақаулы өндірісті 13%-ы көрсеткен.

3. Сұхбаттасуға қатысқан барлық басшылар мен жұмысшылар кәсіпорындағы барлық машиналар мен жабдықтардың өнімділігін жеткілікті деп бағалаған.

4. Сұхбаттасуға қатысқандардың 80%-ы, сапалы сулы шәй жапырағын алу арқылы өнімділіктің 21–22%-ға шығаруға болады десе, қалған 20%-ы, кәсіпорынның өнімділік деңгейі 20% төңірегінде болу керек деп есептейді.

5. Сұхбаттасуға қатысқандардың барлығы, бұл кәсіпорынның өзгерістер мен жаңашылдыққа толыққанды ашық екендігін, олай болмаған жағдайда бүгінгі қатаң бәсекелестікке шыдай алмай, тұрақтылығы мен даму көрсеткіштеріне қол жеткізе алмайтындығын атап көрсеткен.

6. Сұхбаттасуға қатысқандардың 88%-ы, өздерін кәсіпорынның бір бөлігі ретінде санаса, қалған 12%-ы бұнымен келіспейді екен.

7. Сұхбаттасуға қатысқан барлық басшылар мен жұмысшылар, бұл кәсіпорынның ең басты ерекшелігі ретінде үздіксіз жақсартуды атаған және ішкі өндірістік оқытуды (біліктілікті арттыруды) өте қажет әрі өте пайдалы деп көрсеткен.

8. Сұхбаттасуға қатысқандардың барлығы, ысырабы бар кез-келген ортада үнемдеудің маңызын атап өткен. Қатысушылардың 80%-ы материалдық шығындар бойынша 10–15% үнемдеу жасауға болатынын айтса, 20%-ы сулы шәй алу саясаты арқылы үнемдеуді 100%-ға шығаруға болатындығын белгілеген. Жұмысшылар шығыны бойынша, қатысушылардың 87%-ы

үнемдеуге болмайтынын айтса, 13%-ы 2–3% ғана үнемдеуге болатынын айтқан. Сұхбаттасуға қатысқандардың 80%-ы жалпы өндіріс шығындары туралы жанар-жағармай ретінде табиғи газ қолданылса 5–6% үнем жасауға болатынын, қалған 20%-ы табиғи газбен қатар сапалы материал қолдану арқылы да үнемдеуді 10%-ға жеткізуге болатынын атап көрсеткен.

Кәсіпорында жүргізілген жартылай құрылымдалған сұхбаттасу және көзбе-көз бақылау нәтижесінде кайзен шығындарды есептеу жүйесінің кәсіпорында кеңінен қолдануға және ол арқылы құндылық құрамайтын іс-әрекеттерді азайтуға болатындығы белгілі болды. Кайзен шығындарды есептеу жүйесін қолдану арқылы құндылық құрамайтын әрі ысырапқа себеп болатын іс-әрекеттерді анықтап, оның өндірістік жоғалтулар мен өндірістік шығындарды азайтуға оң әсерін көруге болады. Бұл нәтижелер мен қорытындылар сапалы зерттеу әдістері арқылы табылғандықтан жалпылама жасау мүмкін емес. Сондықтан, келешекте жасалатын зерттеу жұмыстары өндірістік жоғалтулардан басқа да (қажетсіз материалдар мен орамдар, нашар сапа, артық қор, керексіз тасымалдау, қосымша бақылау және өнімді емес жұмыс уақыттары) құндылық құрмайтын іс-әрекеттерді назарға ала отырып, сандық зерттеу әдістерін қолдану арқылы жасалса нәтижелер мен қорытындыларды жалпылама жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Sakrak M. (2002). Non-Value Activities and Their Importance in Cost Management. Financial Solution Magazine. No. 61. P. 20–27.
- 2 Savci M. (2012). Value Chain Analysis of Production Costs in Tea Enterprises, Kocaeli University Institute of Social Sciences, Unpublished Doctoral Thesis, Kocaeli.
- 3 Rof L.M. (2011). Kaizen Costing Method and Its Role in The Management of an Entity. The Young Economist Journal. P. 104–109.
- 4 Hacıhasanoglu T. (2014). Kaizen Costing Method in Reducing Production Costs and an Application in the Furniture Industry. Journal of Economic and Social Studies. 10(10–2). P. 47–63.
- 5 Basik F.O. (2012). Cost Management in Competitive Strategy. Istanbul: Turkmen Bookstore.
- 6 Monden Y. & Lee J. (1993). How a Japanese Auto Maker Reduces Costs. Management Accounting. 75. P. 22–26.
- 7 Bozdemir E. (2018). Comparison Of Standard And Kaizen Costing Methods In Cost Management: A Case Study. Asian Research Journal of Business Management. 4(5). P. 1–13.
- 8 Karcıoglu R. & Ozturk M. (2012). A Research to Determine the Reasons for Implementing and Not Implementing Cost Management Systems of Industrial Enterprises Registered with the ISE. Journal of Social Sciences Institute in Atatürk University. 16(1). P. 477–496.
- 9 Cetin A. & Atmaca M. (2009). Comparative Analysis of Target and Standard Costing Systems. Journal of Economics and Administrative Sciences in Marmara University. 1. P. 313–329.
- 10 Turk Z. (1999). A New Approach in Controlling Future Costs: Target and Kaizen Costing. Journal of Economics and Administrative Sciences in Dokuz Eylul University. 1. P. 199–214.

Д.Н. КЕЛЕСБАЕВ,¹

доцент, PhD.

С.С. ЫДЫРЫС,¹

д.э.н., профессор.

Х.Б. КОЖАБАЕВ,¹

докторант.

Международный казахско-турецкий
университет им. Ходжи Ахмеда Ясави¹

ЭФФЕКТИВНОСТЬ СИСТЕМЫ РАСЧЕТА СТОИМОСТИ КАЙДЗЕН ПРИ СНИЖЕНИИ БЕСПОЛЕЗНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

Современные изменения и новые разработки в экономической и технологической сферах еще в большей степени усиливают конкуренцию. В условиях растущей конкуренции внимание предприятий сосредоточено на проблеме действий, не создающих ценность, т.е. на бесполезных видах деятельности и связанных с ними

затратах. Это связано с тем, что бесполезная деятельность на предприятиях ведет к увеличению затрат и снижению прибыли. Не имеющие ценности действия можно увидеть в процессе всей деятельности предприятия. Для этого необходимо обратить особое внимание на то, что в результате каких-либо действий предприятия не образуются ценности. К действиям, которые не имеют ценности, на предприятии относятся ненужные материалы, упаковка, плохое качество, производственные потери, излишки запасов, ненужные перевозки, дополнительный контроль, непродуктивное рабочее время и т.д. Таким образом, в данном исследовании влияние системы расчета стоимости кайдзен на устранение или сокращение бесполезной деятельности в производственном процессе было изучено методом полуструктурированного интервью на заводе по производству сухого чая. Исследование фокусируется только на потерях в производственном процессе и не принимает во внимание действия, которые не создают ценности, кроме производственных потерь, т.е. бесполезны. По результатам исследования можно сказать, что система расчета стоимости кайдзен положительно влияет на снижение производственных потерь (бракованное производство, неработающее производство, избытки и отходы), являющихся одним из действий, не имеющих ценности.

Ключевые слова: конкуренция, бесполезные действия, производственные потери, расчет стоимости кайдзен, снижение затрат, сокращение отходов, производство брака.

D.N. KELESBAYEV,¹

PhD, associate professor.

S.S. YDYRYS,¹

d.e.s., professor.

H.B. KOZHABAYEV,¹

PhD student.

Akhmet Yassawi University, Department
of Management and Leadership Development¹

THE EFFICIENCY OF KAIZEN COSTING SYSTEM IN REDUCING NON-VALUE ACTIVITIES

Abstract

Modern trends, economic development and technological progress further intensify competition. Thus, in the context of growing competition, the attention of enterprises is focused on non-value activities, i.e. on activities that have no value and associated costs. This is due to the fact that activities of no value in enterprises lead to increased costs and reduced profits. Non-value actions can be observed during the entire course of the company activities. To do this, it is necessary to pay special attention to the fact that values are not formed as a result of actions of the enterprise. Non-value actions in the enterprise include unnecessary materials, packaging, poor quality, production losses, excess inventory, unnecessary transportation, additional control, unproductive working hours, etc. Thus, in this study, the impact of the Kaizen cost calculation system on eliminating or reducing useless activities in the production process was studied using a semi-structured interview at a dry tea factory. The study focuses only on losses in the production process and does not take into account actions that do not create value other than production losses, i.e. are useless. Based on the results of the study, we can say that the Kaizen cost calculation system has a positive effect on reducing production losses (defective production, idle production, excess and waste), which are one of the actions that have no value.

Key words: competition, useless actions, production losses, Kaizen cost calculation, cost reduction, waste reduction, scrap production.